

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) арасында көне қала Отырарды сақтау және консервациялау жобасы бойынша келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 тамыз N 1103

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) арасындағы көне қала Отырарды сақтау және консервациялау жобасы бойынша келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовке, Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) арасында көне қала Отырарды сақтау және консервациялау жобасы бойынша келісім ж а с а с у ғ а ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) арасындағы көне қала Отырарды сақтау және консервациялау жобасы бойынша келісім

(Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО),

Қазақстан Республикасы мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында өзара қатынастарды дамыту мен тереңдетуге мүдделілікті назарға ала
о т ы р ы п ,

Отырар тарихи ескерткішінің қазақ халқының бірегей мәдени мұрасының объектісі ретінде сақталуына мүдделілік білдіре отырып,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Білім, ғылым және мәдениет мәселелері

жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымынан (ЮНЕСКО) Отырар Төбе ескерткішін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі жобалада көмек сұрағанын ескере отырып, ЮНЕСКО-ның Бас директоры Бас Конференциямен ЮНЕСКО-ның мақсатына, саясатына және іс-қимылына сәйкес келетін қызметті жүзеге асыру мақсатында донорлардың мақсатты қаражаттарын қабылдауға өкілеттігін басшылыққа ала отырып, жобаны жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ЮНЕСКО-ның өтеусіз көмек көрсетуіне мүмкіндік туғызуда Жапония Үкіметінің тек ЮНЕСКО-мен келісім негізінде ғана ЮНЕСКО үшін қаржыландыруды ашатындығын ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Мақсаты мен сипаттауы

1. Қазақстандағы Отырар Төбе археологиялық объектілерін сақтау және оларды қолдау жолымен, Отырар Төбе мәдени ескерткішін сақтауға және дамытуға жәрдемдесу, мәдени туризм объектілерін дамыту арқылы аймақтағы тұрақты экономикалық қызметтің дамуына ықпал ететін мәдени ресурстарды басқару және сақтау үшін ұлттық және жергілікті әлеуетті нығайту мақсатында, осы жоба мынадай іс-қимылдарды жүзеге асыруды көздейді:

а) ғылыми сипаттау және құжаттаманы орындау, сондай-ақ Отырар Төбе үшін ғылыми құжаттаманың компьютерлендірілген жүйесін құру;

б) Отырар Төбе археологиялық объектілерін консервациялауды және оларды қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қорғауды, сондай-ақ Құйрық Төбе, Алтын Төбе және Көк Марданды консервациялау бойынша шұғыл іс-қимылдарды қамтамасыз ету;

в) Отырар Төбе археологиялық ескерткіші, маңайындағы жерлерге, оны сақтау және қызмет көрсету үшін мастер-жобаны жасау;

г) жұмыс процесінде ұлттық сарапшылар мен халық шеберлерін халықаралық стандарттар деңгейіндегі әдістемелерге оқыту арқылы мәдени мұраларды басқару, сақтау және консервациялау жөніндегі ұлттық және жергілікті әлеуетті нығайту;

д) қазақстандық мәдени мұралардың құндылықтарын, атап айтқанда Отырар Төбені, сондай-ақ ЮНЕСКО/Жапония Траст Қорының осы жобасын бүкіл әлемде және Қазақстанда насихаттау;

е) Археология ғылыми-зерттеу институты мен Материалдық мәдени ескерткіштерді қорғау ғылыми-зерттеу жобалау институтының, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, ЮНЕСКО-ның, Жапония Траст Қорының өкілдерінен, қажеттіліктің пайда болуына қарай жобаны жүргізетін екі немесе үш халықаралық сарапшылардан тұратын, Халықаралық ғылыми комитет құру, егер бұл қажет болатын болса Халықаралық ғылыми комитетке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНЕСКО-ның өкілдеріне:

- осы жобаның шеңберінде орындалатын іс-қимылдардың техникалық прогресін
б а ғ а л а у ;

- өткен жылдың жұмыс қорытындыларын қарау, алдағы жылға арналған бағдарламаларын жалпылай қалыптастыру және келісу;

- осы жобаны орындауға байланысты пайда болуы мүмкін кез-келген басқа мәселелер бойынша консультациялар беретін басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

2. Жобаның егжей-тегжейлі сипаттауы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада беріледі.

2-бап

Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері

Осы жобаның шеңберінде жобаның сипаттауы мен жұмыс жоспарына сәйкес,
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

а) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті органынан ұлттық сарапшылар мен шеберлер тобын басқаратын, үйлестіретін жобаны ұлттық деңгейде іске асыруға жауапты тұлғаны (бұдан әрі - уәкілетті тұлға) ЮНЕСКО-мен келісім бойынша тағайындайды, сондай-ақ ол уәкілетті тұлғаның адресіне Қазақстанның мемлекеттік органдарына арналған халықаралық хат-хабарлар жолданатын болады. Уәкілетті тұлға жобалық жұмыстардың ұлттық деңгейде орындалуын үйлестіруге және олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің Отырар аймағы жөніндегі жоспарларына сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты болады. Уәкілетті тұлға қазақстандық Тараптың, материалдық нысандағы жарналарын қоса алғанда (қазақстандық сарапшылардың, машықтанушылардың және объектідегі жұмысшылардың еңбекақыларын, объектіге қоршауды орнату, объектіні күзету және қойма жайларын беру, көп мәртелік келу визалары), қатысуына жауапты болады. Уәкілетті тұлға, сондай-ақ Халықаралық ғылыми комитеті Хатшысының қызметтерін де атқарады;

б) м ы н а л а р ү ш і н :

- осы төрт жылдық жобаға келесі фазаларды қоса алғанда, жобаны іске асыру аяқталғанға дейінгі мерзімге жер учаскесін бөлу;

- мәдени мұра объектісінің ауданында тәжірибелік корпус/далалық зерттеу зертханасының құрылысына бақылау үшін қажетті шараларды қабылдайды;

в) қажеттілігіне қарай жобаға тиісті жәрдем, соның ішінде материалдық қызметтер ұсыну, мысалы қызметтік офистер, конференциялар үшін жайлар және оқу бөлмелерін, қойма жайларын, қызмет көрсетуші техникалық персонал және жобаның орындалу кезеңінде ЮНЕСКО-ның үлесіне енбеген барлық қажетті институционалдық қолдау көрсетеді;

г) жұмыс Жоспарына сәйкес мониторинг және мерзімді бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

3-бап

ЮНЕСКО-ның міндеттемелері

1. Жобаны іске асыру мерзімі ішінде және Қосымшаға сәйкес 829 703 (сегіз жүз жиырма тоғыз мың жеті жүз үш) АҚШ долларына бағаланған (бағдарламаны қолдау жөніндегі 13 (он үш) пайыз шығыстарды қоса алғанда) бюджет шеңберінде, ЮНЕСКО:

а) ЮНЕСКО-ның Мәдени мұралар бөлімінің Еуропа, Азия және Тынық мұхит секциясы Меңгерушісінің басшылығымен жұмыс істейтін Ұлттық Бағдарламалық Қызметкер/Әкімшімен келісім-шартты қоса алғанда, жобалық жұмыстарды орындау және бақылау үшін талап етілетін келісім-шарттарды дайындайды, ол жобалық іс-қимылдарды үйлестіруге және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНЕСКО-ның арасындағы байланысты сақтауға толық жауапкершілікті қабылдайды;

б) жобаның орындалуын бақылайтын болады;

в) техникалық және әкімшілік қолдауды қамтамасыз етеді, жобаның орындалуын жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және Қазақстанның тиісті мекемелері мен мемлекеттік органдарының, сондай-ақ сол объектідегі басқа ұйымдардың орындаған жұмыстарын үйлестіретін болады.

2. Жоғарыда 1-тармақта сипатталған ЮНЕСКО-ға жәрдемдесу Жапония Үкіметінің жобасын іске асыруға бөлінетін қаражаттың болуына және ЮНЕСКО Бас Конференциясының шешімдеріне байланысты болады және ЮНЕСКО-ның нұсқауларына, ережелеріне және рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

3. Осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі пайдаланбаған немесе жобаның аяқталуы немесе тоқтатылуы кезінде толық жұмсалмаған ЮНЕСКО-ның кез-келген қосымша қаражаты ЮНЕСКО-ның кез-келген қосымша қаражатымен қатар Жапонияның дүниежүзілік мәдени мұраларды сақтау жөніндегі Трастық Қорына қайтарылуы тиіс.

4-бап

Жабдықтар, материалдар, жеткізілімдер

1. Осы Келісімге сәйкес ұсынылатын барлық жабдықтар, материалдар және жеткізілімдер тек жобаны іске асыруға ғана бағытталуы тиіс. Жеке құны 1000 (бір мың) АҚШ долларынан асатын жұмсалмаған жабдықтар ЮНЕСКО-ның меншігі болып қалуы, жабдықтар тізімінде тіркелуі тиіс. Жоба аяқталған соң, осындай жабдықтарға ресми құқықтарды беру жөнінде шешім қабылдау үшін ЮНЕСКО Жапония Үкіметімен консультациялар жүргізеді. Барлық өзге жабдықтарға, материалдарға және жеткізілімдерге құқықтар жобалық объектіге жеткізу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген деп есептеледі.

2. ЮНЕСКО-ның материалдар мен жеткізілімдер нысанында жүзеге асырған көмегі

жағдайында, Қазақстан Республикасының Үкіметі ЮНЕСКО сарапшыларымен бірлесіп, жабдықтарды кедендік тексеруді, қабылдауды, тасымалдауды, өндеуді жеңілдетуге, Қазақстанға әкелу пунктінен жобалық объектіге дейін сақтау үшін, ұқыпты ұстау, техникалық қызмет көрсету, сақтандыру және, қажет болса, оны орнату мен монтаждау үшін барлық қажетті шараларды алдын ала қабылдайды.

5-бап

Басқа шарттар

1. ЮНЕСКО-ның көмегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа агенттіктерінен, екі жақты бағдарламалардан немесе жеке меншік қорлардан қосымша көмек қабылдауына кедергі болмайды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЮНЕСКО-ға осы жобаны орындауға байланысты ұсыныстар немесе осындай көмектердің түсуі туралы ақпаратты ұсынатын болады.

6-бап

Ақпарат және есептер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЮНЕСКО-ға жоба туралы ЮНЕСКО-ға қажет болуы мүмкін ақпаратты береді.

2. Жоғарыдағы тармақ үшін шектеусіз, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есепті, есептік кезеңдегі орындалған жұмыстар және келесі есептік кезеңнің ішінде жоспарланған жұмыстардың егжей-тегжейін қоса алғанда, қол жеткізген нәтижелер туралы алты айлық есептер беріп отырады.

3. Жобаның мәнін, сапасын және орындалу деңгейін растау мен тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жобалық объектіге және кез-келген тиісті қаржылық есептер мен құжаттамаларға қол жеткізу үшін ЮНЕСКО-ға немесе оның өкілетті өкіліне (өкілдеріне) мүмкіндік береді. Мұндай есептер мен құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі арқылы ЮНЕСКО үшін ашық қалдырылатын болады және жоба аяқталған немесе тоқтатылған соң кемінде бес жыл сақталады.

7-бап

Артықшылықтар мен иммунитеттер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЮНЕСКО-ға, оның меншігіне, қорлары мен мүлкіне, сондай-ақ ЮНЕСКО атынан қызмет атқарушы Қазақстан Республикасының резиденттерінен басқа, оның лауазымды тұлғалары мен сарапшыларына БҰҰ-ның 1947 жылғы 21 қарашадағы мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенциясы мен оған IV Қосымшаның ережелерін қолданады,

әсіресе ЮНЕСКО-ның лауазымды тұлғаларының, сарапшылардың және ЮНЕСКО атынан осы жобаның шеңберінде қызметтер атқаратын басқа да тұлғалардың, олардың азаматтықтарына қарамастан, Қазақстан Республикасы аумағына келу, онда болу және одан кету құқықтарына, егер бұл Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне қатер тудырмаса, ешқандай шектеу қойылмайтындығы м о й ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

2. ЮНЕСКО-ның осы Келісім шеңберіндегі өзінің қызметтерін жүзеге асыру мақсатында қазақстандық Тарап :

а) ЮНЕСКО-ның активтеріне жататын ғимараттарды (жайларды) Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген салықтардан;

б) осы жобаны іске асыруға қажетті тауарлар түріндегі ЮНЕСКО-ның активтерін Қазақстан Республикасының кеден және салық заңдарымен белгіленген тауарлар (жұмыстар, қызметтер) импорты (экспорты) кезінде алынатын кедендік баждар мен салықтардан ;

в) ЮНЕСКО-ға берілетін автокөлік құралдары, оргтехника, офистік жиһаз, арнайы жабдықтар (Қазақстандағы Отырар Төбе ескерткішін сақтау мен қалпына келтіруге арналған) мен олардың жасақтаушылары түріндегі тауарларды Қазақстан Республикасының импортқа (экспортқа) белгілеген тыйымдары мен шектеулерінен босату алдын ала іс-қимылдар жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісім бойынша жүргізілетін іс-шараларға жәрдемдесу үшін қажетті шараларды қабылдайды және ЮНЕСКО-ға және оның қызметкерлеріне, сондай-ақ ЮНЕСКО атынан немесе тапсырмасы бойынша қызметтер атқарушы басқа тұлғаларға жобаны жылдам және тиімді орындау үшін, атап а й т қ а н д а :

а) қажетті визалар, лицензиялар немесе рұқсаттарды жылдам және тегін беру;

б) жобалық объектіге қол жеткізу және қажетті құқықтар;

в) Қазақстан Республикасының ұлттық заңдарына сәйкес ел шегінде, елге келу немесе елден кету, жобаны тиісінше орындау үшін қажетті жүріп-тұру бостандығын;

г) осы Келісімге қатысты жабдықтар, материалдар мен жеткізулерді әкелу және кейіннен әкетуге қажетті рұқсаттарды ;

д) ЮНЕСКО-ның лауазымды тұлғаларының немесе ЮНЕСКО атынан қызметтер атқаратын басқа тұлғалардың жеке пайдалануы мен тұтынуы үшін әкелуге қажетті мүліктерді және осы тектес мүліктерді кейін кері әкетуге қажетті рұқсаттарды береді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі үшінші тұлғалардың ЮНЕСКО-ға, оның мүліктері мен персоналына немесе ЮНЕСКО-ның атынан қызметтер атқаратын басқа тұлғаларға қарсы қоюлары мүмкін кез-келген талаптарын қарауға жауапкершілік алады және ЮНЕСКО, оның мүлігі, персоналы мен басқа да тұлғалары үшін, осы Келісім шеңберінде орындалатын жұмыстар нәтижесінде туындайтын зияндардың тигізілмеуін қамтамасыз етуге тиіс, оған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНЕСКО

персонал мен тұлғалардың салақтығынан немесе әдейі істелген іс-қимылының нәтижесі болып табылады деп мойындаған талаптар мен шағымдар жатпайды.

8-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім ЮНЕСКО-ның Қазақстан Тарапынан оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламаны алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

2. Тараптардың өзара уағдаластықтары бойынша осы Келісімге, олар жеке Хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Әрбір Тарап осы Келісімді өзгерту үшін екінші Тараптың ұсынатын кез келген ұсыныстарды тиісті түрде назар аударып қарайды.

3. Осы Келісім Тараптардың бірі арқылы екінші Тарапты жазбаша хабардар еткен соң тоқтатылуы мүмкін және мұндай тоқтатылу осы Келісім бойынша Тараптардың кез келгенінің оны іске асыру барысында көтерген шығыстарына қатысты міндеттемелерін қозғамайтын жағдайда осындай хабарламаны алған соң 90 (тоқсан) күннен кейін а я қ т а л у ы т и і с .

4. Осы Келісімге сәйкес Тараптар қабылдаған міндеттемелер ол тоқтатылған немесе аяқталған соң, ЮНЕСКО-ның персоналын, қаражаттары мен мүліктерін кері шақырып алу талабы және Тараптар арасындағы есеп айырысуларда қажетті реттеу көлемінде о р ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

5. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруден немесе қолданудан туындайтын кез-келген келіспеушіліктер немесе даулар Тараптар арасында достық жағдайда консультациялар немесе келіссөздер жолымен шешілетін болады.

_____ қаласында 2001 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі атынан

Ұйымының (ЮНЕСКО) атынан

Білім, ғылым және мәдениет

жөніндегі Біріккен Ұлттар

М а м а н д а р :

Б а г а р о в а

Ж . А .

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК